

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жошы Ұлысының құрамындағы қалалардың өркендеуі

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/171021/

Жошы Ұлысының құрамындағы қалалардың өркендеуі

Нуржанбаева Ж.О.

доктор PhD, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

Түймебай Олжас

ВМ- 02/В тобының студенті, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

Тарихи өлке — геостратегиялық маңызы бар Жайық жағасында, тарихымызда айшықты орын алған көне Сарайшық — атақты хандардың ордасын тіккен жерінде, қазақ жерінің қуаты мен айбынын айқындап берген қазақтың соңғы ханы — Қасым ханның жатқан жерінде өткен, ұлтымыздың біртұтастық идеясын, қоғамдық құндылықтар ұлықтауды негіз еткен Ұлттық Құрылтайда еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарихымыздың беттерінен маңызды орын алатын Жошы ұлысына — 800 жыл толуына орай маңызды ғылыми зерттеулер мен мәдени- танымдық іс-шаралардың жүзеге асырылуына мән берген болатын.

Отандық тарихшыларың іздену - зерттеу жұмыстарының мазмұнында ұлттық тарихымыздың т Жошы ұлысына қатысты тың зерттеулердің нәтижелерімен отандық тарихымыздың беттерін толықтыра түсуіне назар аударуды тапсырған болатын.

Жошы Ұлысының құрылуы Ұлы Даланың мемлекеттікке ұйысуына, қала мәдениетінің өркендеуіне де ықпалын жан-жақты қарастыру бүгінгі күннің мәселесі болып табылады.

Ең алдымен Жошы Ұлысының XIII ғасырда құрылғандығы және Моңғол империясының батыс бөлігіндегі ірі ұлыс, Жошының мұрагерлеріне тиесілі болғандығы мәлім. Бұл ұлыс Жошының әкесі Шыңғыс ханның жаулап алу жорықтары нәтижесінде

пайда болып, қазіргі Қазақстан, Ресейдің оңтүстігі, Орталық Азияның бір бөлігі және Шығыс Еуропаның біраз аймағын қамтып жатты. Жошы Ұлысы кейіннен Алтын Орда атауымен белгілі болды.

Жошы Ұлысы Шыңғыс хан жорықтарының нәтижесінде Жошы Ұлысы Шыңғыс ханның 1219-1224 жылдар аралығындағы Орталық Азия мен Шығыс Еуропаға жасаған жаулап алу жорықтары нәтижесінде құрылған болатын. Шыңғыс хан өзінің үлкен ұлы Жошыға империяның батыс бөлігін, яғни болашақ Жошы Ұлысының аумағын мұра етіп берді. Жошы 1227 жылы қайтыс болып, оның ұлы Батый (Бату хан) Жошы ұлысын басқаруға келіп, Жошы әулетінен шыққан хандардың билік дәуірін басталды және Жошы Ұлысы өте ауқымды аумағы кеңейе түсті: Қазақстанның барлық дерлік жерлері, Орталық Азияның солтүстігі, Қазіргі Ресейдің оңтүстік аймақтары, Қара теңіздің солтүстігі, Дон, Еділ өзендерінің бойын қамтыды.

Жоғарыда аталған аймақтар Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан, саудасаттық пен экономикалық байланыстардың маңызды орталығы болды.

Батый ханның кезінде Жошы Ұлысы өзінің кеңею шыңына жетті. Ол 1236-1242 жылдар аралығында батысқа жорық жасап, Ресей князьдықтарын және Шығыс Еуропаның біраз бөлігін өзіне қаратты. Осыдан кейін Жошы Ұлысы Алтын Орда деп аталып, Батый хан оның бірінші билеушісі болды. Алтын Орда Жошы Ұлысының мұрагері ретінде астанасы Сарай-Бату қаласы, кейінірек Сарай-Берке қаласына ауыстырылды.

Жошы Ұлысының қалалары XIII-XIV ғасырларда экономикалық, мәдени және сауда орталықтары ретінде дамып, маңызды рөл атқарды. Бұл қалалардың өркендеуі бірнеше факторлармен байланысты болды: географиялық орналасуы, Ұлы Жібек жолының бойында болуы, орталық биліктің қолдауы және аймақтағы қолөнер мен саудасаттықтың қарқынды дамуы. Осы аталған факторларға толығырақ тоқталып өтсек:

- Жошы Ұлысындағы көптеген қалалар Ұлы Жібек жолының бойында немесе

оған жақын орналасқандықтан халықаралық сауда жолының өркендеуіне үлес қосты, Қытай, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Еуропаны байланыстыра отырып саудагерлердің тынығатын, сауда жасауын қамтамасыз ететін орындар, керуен сарайлар, шығыс моншалары сынды өркениеттік белгілері болып саналатын орындар көптеп салынды.

Бұл өз кезегінде жергілікті қала тұрғындарының өз өнімдерін саудагерлерге ұсынуына және батыс пен шығыстан келіп жатқан өнімдерге қол жеткізуіне мол мүмкіндіктер берген болатын. Қалаларға тұрақты түрде саяхатшылар, саудагерлер, және жаңа тауарлар келіп отырды. Мұндай сауда байланыстары қалаларда экономикалық өсу мен мәдени алмасуға жағдай жасады. Сонымен қатар жергілікті халықтың өндірген металл, зергерлік, жүннен және былғарыдан дайындалған өнімдері

Шығыс пен батыс жерлеріне де тарап жатты.

Сонымен бірге, қалалардың өркендеуіне де жол салды, батыстық және шығыстық өрнектер ұлттық өрнектермен ұштасып, қалалардың архитектуралық сәнін аша түсті. Сарай-Бату қаласы — Жошы Ұлысының астанасы, XIII ғасырда Батый хан негізін қалаған қала. Бұл қала Еділ өзенінің бойында орналасып, солтүстіктегі орыс князьдықтарынан бастап оңтүстіктегі Шығыс Еуропа мен Кавказға дейінгі аумақтарды байланыстыратын маңызды сауда және саяси орталығы болды. Қалада көптеген керуен-сарайлар, базарлар және мәдениет ошақтары болды. Саудагерлер алтын, күміс, мата, дәмдеуіштер, және қолөнер бұйымдарын әкеліп, сауда-саттықты дамытты.

Сарай-Бату ислам мәдениеті мен ғылымының орталығы болған. Қалада медреселер мен мешіттер салынып, діни және ғылыми білім беру дамыды.

Үргеніш (Гургандж) — Хорезм өңіріндегі ірі қала, Жошы Ұлысының маңызды экономикалық және мәдени орталықтарының бірі. Қала Орта Азиядағы аса бай және дамыған қалалардың қатарында болған. Үргеніште қолөнер, әсіресе, мата тоқу мен металл өңдеу ісі жоғары деңгейде дамыды. Қалада көптеген керуендер тоқтап, алтын, күміс бұйымдары мен қолөнер заттары саудаға шығарылды. Қала мәдениеті де жоғары деңгейде болды: қаланың білім ошақтары, медреселер мен кітапханалар білімге құштар жандардың бас қосатын орнына айналды.

Сығанақ — Сырдария өзенінің бойындағы қала, Жошы Ұлысының шығысындағы маңызды сауда орталығы. Қала әскери-стратегиялық маңызға ие болды және сауда жолдарының қиылысында орналасып, дала көшпенділері мен отырықшы халықтар арасында көпір рөлін атқарды. Сығанақта егіншілік пен мал шаруашылығы дамыды. Қаладағы базарларда астық, мал өнімдері, мата және басқа да тауарлар сатылды. Қала қабырғалары мықты бекініс қызметін атқарып, ол түрлі жорықтар мен шабуылдардан қорғаныстың маңызды нүктесіне айналды.

Отырар қаласы Сырдария өзенінің бойындағы ірі қала, ортағасырлық Орталық Азияның мәдени және сауда орталығы болған, ірі кітапханалар мен медреселер болды. Атақты ғалым Әбу Насыр әл-Фараби осы қалада дүниеге келген. Отырарда сауда-саттық пен қолөнер жоғары деңгейде дамыған. Қалада металдан және шыныдан жасалған бұйымдар өндіріліп, басқа аймақтарға экспортталды.

Жанкент қаласы Арал теңізінің маңындағы қала, ол солтүстік сауда жолдарының бойында орналасқандықтан, көшпелі тайпалар мен отырықшы халықтардың сауда байланыстарын нығайтуда маңызды рөл атқарды.

Бозоқ қаласы қазіргі Астана қаласының маңында орналасқан және сауда-саттық пен саяси байланыстарда үлкен рөл ойнады.

Қалалардың әлеуметтік және экономикалық құрылымына келетін болсақ, Жошы

Ұлысының қалалары көпұлтты және көпмәдениетті орталықтар болды. Қалаларда көшпенділер мен отырықшылар бірге өмір сүріп, әртүрлі мәдениет пен дін өкілдері бейбіт қатар өмір сүрді. Бұл әртүрлілік қалалардың мәдени дамуына әсер етіп, олардың өркендеуіне ықпал етті. Сауда-саттық жасауда Жошы Ұлысының қалалары шығыстан батысқа бағытталған сауда жолдарының қиылысында орналасқандықтан, олар халықаралық сауда-саттықтың маңызды нүктелеріне айналды. Бұл қалаларда бағалы металдар, маталар, керамика және басқа да қолөнер бұйымдары сатылды.

Бұл қалаларда жергілікті қолөнершілер жұмыс істеп, қала халқының тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнімдер өндірілді, тері өңдеу, керамика өндірісі, металдан бұйымдар жасау дамыды.

Жошы Ұлысындағы қалалардың құлдырауы кезеңі XIV ғасырдың ортасынан басталған. Бұған бірнеше себептер әсер еткендігін байқаймыз.

Алтын Орда хандары ішкі қақтығыстар мен билік үшін күресі қалалардың өркендеуіне, сауда байланыстарының төмендеуіне, тұрақтылықтың әлсіреуіне алып келген болатын. Бұл өз кезегінде қалалардың экономикалық қуаттылығына әсер етті, енді қалаларға деген саяхатшылардың, саудагерлердің келуі төмендеді, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі әрекеттер болмады.

Сонымен қатар, қалалар жоңғар шапқыншылықтары, моңғол хандары арасындағы ішкі соғыстардан зардап шекті. Бұл қалалардың құлдырауына және халықтың қоныс аударуына әкелді.

Ең маңызды себептердің бірі енді Жібек жолындағы сауда-саттықтар бұрынғыдай қарқынды болмады, оған себеп сауда жолдарының өзгеруі, жаңа теңіз жолдарының ашылуы және Еуропа мен Азия арасындағы тікелей байланыстардың дамуы қалалардың өркендеуіне теріс әсерін тигізді.

Соған қарамстан, Жошы Ұлысындағы қалалардың ортағасырлық өркениетке қосқан үлесі мен маңызы зор болды. Жошы Ұлысының қалалары ортағасырлық өркениеттің дамуында маңызды рөл атқарды. Олар Орта Азия, Шығыс Еуропа, және Таяу Шығыстың мәдени, экономикалық, және саяси өміріне айтарлықтай ықпал етті. Бұл қалалар сауда, қолөнер, мәдениет және білім орталықтары ретінде танылып, түрлі өркениеттердің өзара қарым-қатынасына жағдай жасады. Білім мен ғылымның дамуында үлкен өзгерістер алып келді. Медицина саласында тың жаңалықтар мен жүйелі түрде жазылған ғылыми еңбектер мен қатар аударма жұмыстары кеңінен қанат алып, өркендеді.

Сауда мен экономикалық байланыстарды дамытуда Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қалалар әлемдік сауда жүйесінде маңызды рөл атқарды. Сарай-Бату, Үргеніш, Сығанақ және Отырар сияқты қалалар арқылы Қытай, Үндістан, Иран және

Еуропа арасындағы тауар айналымы жүзеге асты. Бұл сауда байланыстары арқылы қалалар экономикалық тұрғыдан дамып, олардың ықпалы аймақтық деңгейден шығып, халықаралық дәрежеге жетті.

Білім мен мәдениеттің орталығы: Жошы Ұлысындағы қалалар білім мен ғылымды дамытуда да үлкен үлес қосты. Медреселер мен кітапханалар арқылы білім таратылып, ислам өркениетімен бірге философия, астрономия, медицина, математика салалары өркендеді. Отырар сияқты қалаларда әлемдік деңгейдегі ғалымдар білім алып, ғылыми еңбектер жазылды.

Жошы Ұлысындағы қалалар арқылы ислам мәдениеті мен діні тарады. Мешіттер, медреселер арқылы исламдық білім жүйесі қалыптасып, Орта Азияның мәдениеті мен рухани өмірі байи түсті. Соның бірі ретінде көне Ясы қаласындағы Қожа Ахмет Ясауидің «Даналық турлы» кітабының жарық көруі, қалада мешіт, медреселердің ашылуы, шығыстық үлгідегі моншалардың салынуы, ұлттық нақыштар мен шығыстық нақыштармен уйлескен архитектуралық ғимараттардың салынуы қарқынды дамыды.

Жошы Ұлысының қалалары XIV-XV ғасырларда ішкі қақтығыстар, моңғол шапқыншылықтары және табиғи апаттар салдарынан құлдырап, біртіндеп саяси және экономикалық маңызынан айырылды. Қалалардың бірқатары қирап, қайта қалпына келтірілгенімен, олардың көпшілігі бұрынғы деңгейіне жете алмады.

Қазіргі кезде бұл қалалар археологтар мен тарихшылардың назарында. Сарай-Бату, Үргеніш, Отырар, Жанкент сияқты қалалардың орындары археологиялық қазба жұмыстары арқылы зерттеліп, олардың мәдени және тарихи мұралары анықталуда. Бұл қалалардан табылған қолөнер бұйымдары, жазбалар, сәулет ескерткіштері арқылы Жошы Ұлысының тарихы мен мәдениеті жайлы жаңа деректер алынуда.

Қазақстан, Өзбекстан, Ресей және басқа да елдердің ғалымдары Жошы Ұлысының қалаларын зерттеуге көп көңіл бөлуде. Археологиялық зерттеулердің арқасында бұл қалалардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени рөлі туралы көп ақпарат жиналды. Сонымен қатар, бұл қалалардың орнын қалпына келтіру және туризмді дамыту жобалары жүзеге асырылуда, олар Орта Азиядағы тарихи-мәдени мұраларды сақтап қалуға бағытталған.

Сонымен, қорыта келгенде, қалалар – мықты мемлекеттіліктің символы, оның қуаттылығын айқындайтын маңыздылығы жоғары құрылыстар. Қалалардың мықтылығы сол мемлекеттің қуатты экономикасын, тұрақты саясатын, мәдениет деңгейін анықтап көрсетететін маңызды фактор болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартольд В.В. “Түркістан в эпоху монгольского нашествия”. Санкт-Петербург: Наука, 1900.
2. Сулейменов О. “Жошы Ұлысы және оның қалалары”. Алматы: ҚазМұра, 2005.
3. Гумилев Л.Н. “Древние тюрки”. Москва: Восточная литература, 1967.
4. Смағұлов М. “Отырар өркениеті және оның мәдени мұрасы”. Алматы: Қазақстан, 2012.
5. Нұрманов Б. “Сарайшық және оның тарихи маңызы”. Атырау: Атырау, 2010.
6. Назарбаев Н.А. “Ұлы Дала тарихы”. Астана: Елорда, 2018.
7. Акимов Е. “Археологические исследования городов Золотой Орды”. Казань: Казанский Университет, 1999.
8. Ермұқан Бекмаханов. “Қазақ хандығының құрылуы және дамуы”. Алматы: Мектеп, 1995.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.